

Д. А. Мергембаев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі

ЖҮКТІЛІКТІ ӨЗ ЕРКІМЕН ҮЗУДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР

Аннотация. Мақала жүктілікті өз еркімен үзудің алдын алуға және өмірге келген жазықсыз сәбилер тағдырына, ұрпақ, ұлт болашағына арналады.

Түйін сөздер: сәби, бала, ана, ұрпақ, қыз, жасанды түсік, жүктілік, өлтіру, демография, мемлекет, ұлт.

Түсік деген сөзге құлағымыз үйреніп кеткені соншалық, жай бір медициналық процедура сияқты қабылдаймыз. Негізі, түсік пе, әлде сәби ме деген таңдаудың алдында тұру — үлкен трагедия.

2009 жылғы 30 қазандағы «Жүктілікті жасанды түрде үзу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің № 626 бұйрығында «жүктілікті жасанды түрде үзу немесе аборт — жүктілікті үзу және жатырдағы біткен ұрықты өмірге қабілеттілік мерзіміне жеткізбей дәрі-дәрмектік немесе хирургиялық әдістерді қолдана отырып және әйелдің (заңды өкілінің) жазбаша ақпараттандырылған келісімін ала отырып, жүктілікті үзу және жатырдан ұрықты алып тастау»¹ — деп берілген.

Түсіктің қай түрінде де кішкентай тіршілік иесі өмір үшін жанталаса күреседі екен. Сәби өзін кескілейтін құралдардан жанұшыра қашып, кішкентай ғана аяқ-қолдарын сермеп, қорғанады екен. Қорыққанынан оның жүрегі минутына 200 рет соғатынын медициналық технология дәлелдеуде. Өткір пышақ денесіне тигенде сәбидің аузы ашылып, ешкім естімейтін жан айқайы шығатын көрінеді.

ҚР ҚК 117 бабында көзделген нормада заңсыз аборт жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық көзделеді де, ал егер де жүктілікті жасанды түрде үзу ережесіне қарай арнайы тізбеде белгіленген медициналық көрсеткіштерге және аборт жасау тәртібін реттейтін инструкцияларға сай болса, арнаулы медициналық мекемеде жасалса және тиісті бағдардағы жоғары медициналық білімі бар адам жасаса, сонымен қатар әйелдің келісімі, өтініші және оның қалауы бойынша жасалса ешқандай жауаптылық көзделмейтінін байқаймыз. Бұдан, елімізде жасанды түсікті өз еркімен жасауына еш кедергі жоқ екенін көреміз.

Әйел бақыты — бауырындағы сәби. Өкінішке орай, қыз-келіншектердің бәріне бірдей бұл бақ бұйырмайды. Мұның себебін дәрігерлер түрліше түсіндіреді. Ал ең бастысы осы бақытсыздықтары үшін көп әйелдің өздері кінәлі, себебі көбіне бірінші шарананы алдыртып тастағандар балалы бола алмайды. Аяғы ауыр болып қалған қыз некесіз балалы болуды ар санайды. Қызының екіқабат екенін ата-анасы білсе, ұят деп түсінеді. Екі жақ та дереу баладан құтылудың қамын жасайды. Мұндай әрекетке бастайтын — төмен түсінік, сананың жоқтығы, рухтың жұтаңдығы. Әкесі немесе шешесінің ағаттығы үшін, бәлкім ортаның ортақ кінәсі үшін ең әлсіз, ең қорғансыз жан жазаланбауы тиіс.

Деректерге сүйенетін болсақ, біздің елде жасанды түсік жасаушылардың дені — жас қыздар. Балауса қазақ қыздарының мұндай өрескел дәреке қылыққа не себепті барғандарын зерттейтін болсақ, қазіргі таңда жасанды түсік жасатудың бірден бір етек алған себебі — некесіз бала көтеріп қалу. Сезімге беріліп, бір күндік қызық үшін бүкіл ғұмырын қор қылып, кешірілмес күнәға баратын жасөспірім қыздар еріксіз, амалсыз әке-шешесіне айта алмағандықтан, әлі дүние есігін ашпаған сәбидің өмірін қияды. Мысалы, елімізде 2013 жылы 15-18 жас аралығындағы қыздарға 241 түсік жасалыпты. Бесіктен белі шықпаған, қылығы түздегі қыздарымыздың тірлігі осы болып тұр. Бүгінгісін ғана ойлап, ертеңгісін «көрежатармызға» жауып қоя салатын ақ жаулықтыларымыз мұндай қауіпті

қадамға барғанда мойнына адам қанын жүктеп отырғанын ескергісі де келмейді. Медицина мамандары мен ғалымдар қазір соңғы топқа қосылған жас аналардың қатары шектен тыс көбейіп бара жатқанына үлкен алаңдаушылық білдіруде.

Ал енді екінші етек алып тұрған себеп — әлеуметтік жағдайға байланысты деп жатады. Соны алға тартып, ақталғандай болады. Елбасы Жолдауында ана мен бала өлімін мейлінше азайтуға күш салу керектігін тапсырды. Ана мен баланың денсаулығын қорғау жөнінде арнайы бағдарламалар да бар. 500 грамдық сәби дүниеге келсе де, өмірін арашалап қалу үшін дәрігерлер жұмылып еңбек етіп жатыр. Жыл сайын бала күтімі үшін берілетін жәрдемақы көлемі де артып келеді. Яғни, ана мен балаға мемлекет тарапынан көңіл бөлініп отыр. Біздің мемлекет ана мен бала денсаулығына қамқор болуды өзінің басты міндеттерінің бірі санап, қаржы тапшылығына, әлеуметтік-экономикалық қиындықтарға қарамастан оларға үзбей қолдау көрсетіп келеді².

Елбасы Н. Ә. Назарбаев Заңсыз аборт атты «өте нәзік» мәселені жұртшылық талқысына салуды ұсынып, әйелдің өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмейтін отбасын жоспарлаудың өркениетті жолына түсу қажеттігін айтты³.

Әлем бойынша бірқатар елдердің заңдары: Ауғанстан, Ангола, Бангладеш, Венесуэла, Гондурас, Мысыр, Индонезия, Ирак, Иран, Ирландия, Йемен, Колумбия, Ливан, Ливия, Мавритания, Мали, Непал, Никарагуа, Біріккен Араб Әмірлігі, Оман, Парагвай, Жаңа Гвинея, Сальвадор, Сирия, Чили, Филиппин аборт жасатуға түбегейлі қарсы. Мұнда жасанды түсік – адам өлтірумен тең қылмыс саналады.

Жасанды түсікке заң бойынша тыйым салуды біз адамның жеке құқығына қол сұғу деп емес, ұлт қауіпсіздігін сақтау үшін істелген әрекет деп түсінуіміз керек. Еліміз бойынша халық саны еселенуін тежеп отырғанының бірден-бір дәлелі — жасанды түсік жасату деп санаймыз.

Біз қазіргі таңда жасанды түсік жасатқандары үшін ғана жауаптылықты көздемей, оған апармаудың да жолдарын қарастырғанымыз абзал. Ол үшін ең алдымен жастарымызды имандылыққа, нәпсісін тыюға тәрбиелеуіміз керек. Жасанды түсік жасатқаннан бұрын некесіз жыныстық қатынасқа барудың өзі — ауыр күнә. Некесіз ер мен әйелдің бір-біріне көз сүзіп қарауы да Ислам дінінде күнә болып есептеледі. Сондықтан біз ең әуелі жастардың бойындағы имандылықты арттырғанымыз абзал болар еді. Сонымен қатар, жасанды түсікті себепсіз жасатқандарға және соған мәжбүрленгендерге қылмыстық жауаптылық көздеп, кодекске «түсік жасатуға мәжбүрлеу» немесе «түсік жасатуға көндіру» деген жаңадан норма енгізсек жасанды түсіктің алдын алуға аз болса да үлесін қосарына кәміл сенеміз. Себебі қылмыстық жауаптылық көзделген іс-әрекеттен әрбір азаматта қорқыныш сезімі болатыны анық. Сонымен қатар жасанды түсік жасатқаны үшін және соған мәжбүрленгені немесе итермелегені үшін қылмыстық жауаптылық болса нәтижесінде қазіргі кезде көп орын алып жатқан ажырасу фактілері азайып отбасы жағдайы жақсарар еді.

Босану жасындағы әйелдердің денсаулығы — елдің өсіп-өркендеуінің, гүлденуінің, түптеп келгенде жарқын болашағының алғышарты, сол себепті әйелдер мен бойжеткендеріміздің денсаулығының нашарламауына да үлкен кепілдік болар еді деп санаймыз. Болашақта, жоспарсыз бала көтеріп қалатындар да, жыныстық қатынасқа ерте жастан баратындар және некесіз жыныстық қатынасқа түсулеріне де қақпақ болар еді.

Бұл норма — әйелдің ана болу мәселесін өз бетімен шешу құқын қамтамасыз етудің қосымша бір кепілі бола алар еді.

Айта кетер болсақ, бұрынғы Қазақ КСР ҚК-нің 109-бабында «Заңсыз аборт жасатуға көндірушілер» деген норма болатын, бірақ 1997 жылы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі аталған нормадан бас тартты⁴.

Біздің ойымызша, әйелді жүктіліктен арылуға мәжбүрлеуге бағытталған әрекеттер бүгінгі күні де өзінің қоғамдық қауіптілігін жоғалтқан жоқ. Сот тәжірибесінде заңсыз аборт жасатуға көндіру фактісі бойынша қозғалған қылмыстық істердің кездеспеуін бір жақтылықпен бұл норманың тиімсіздігінің дәлелі ретінде қабылдауға болмайды.

Сондықтан әйелді түсік жасатуға көндірушілердің қылмыстық жауаптылығын көздейтін норманы қайта жаңғыртуды ұсынамыз.

Резюме

В статье рассматриваются некоторые аспекты профилактики искусственных абортов.

Resume

This article discusses some aspects of the prevention of abortions.

¹ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 30 қазандағы «Жүктілікті жасанды түрде үзу ережесін бекіту туралы» № 626 Бұйрығы // online.zakon.kz

² Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың 2011 жылғы 28 қаңтардағы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Қазақстан Халқына Жолдауы // www.akorda.kz/

³ Бұл да сонда.

⁴ Уголовный кодекс Казахской ССР. — Алма-Ата, 1987.